

АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ: ӨЗЕКТІ АСПЕКТИЛЕРІ

ENSURING FOOD SECURITY: TOPICAL ASPECTS

ОБЕСПЕЧЕНИЕ ПРОДОВОЛЬСТВЕННОЙ БЕЗОПАСНОСТИ: АКТУАЛЬНЫЕ АСПЕКТЫ

Е.М. ӘБЕНОВ^{1*}

Ph.D

К.К. ХАСЕНОВА¹

Э.Ф.К.

С.С. ЫДЫРЫС²

э.ф.д., профессор

¹*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан*

²*Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан*

**автордың электрондық поштасы: aem11186@mail.ru*

YE.M. ABENOV^{1*}

Ph.D

K.K. KHASSENOVA¹

C.E.Sc.

S.S. YDYRYS²

Dr.E.Sc., Professor

¹*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

²*H.A. Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan*

**corresponding author e-mail: aem11186@mail.ru*

Е.М. ӘБЕНОВ^{1*}

Ph.D

К.К. ХАСЕНОВА¹

К.Э.Н.

С.С. ЫДЫРЫС²

д.э.н., профессор

¹*Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан*

²*Международный казахско-турецкий университет им. Х.А. Ясауи,*

Туркестан, Казахстан

**электронная почта автора: aem11186@mail.ru*

Аңдатпа. **Мақсаты** – елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету проблемаларын анықтау, оның элементтерін құрылымдау. **Әдістері** – жұмыста деректерді іріктеудің жүйелік тәсілі, сандық және сапалық зерттеу әдістері, экономикалық, статистикалық және салыстырмалы талдау принциптері қолданылады. **Нәтижелері** – авторлар нарықты сапалы тамақ өнімдерімен қанықтыруға қатысатын салалар мен өндірістерді талдаған. Негізгі сегменттер тұтынудың ұтымды нормалары, азық-түліктің қорғалуы, олардың халықтың барлық топтары үшін физикалық және экономикалық қолжетімділігі, әлеуетті өсу мүмкіндіктері болып табылады. Аграрлық сектордың орнықты даму деңгейлері: мемлекеттік, өңірлік, азық-түлік мәселесін шешуші субъект тұрғысынан, мемлекеттің азық-түлікпен жабдықтау жүйесін қалыптастыратын негізгі бағыттар егжей-тегжейлі қаралған, оның тетіктерін іске асырудың маңыздылығы негізделді. Отандық нарықтың органикалық өнімге деген қажеттілігінің артуына байланысты оны өсіруді күшейту қажеттілігі көрсетілген. «Био» сегментінің кеңеюі ауылдық жерлерді жандандыруға, бәсекелестік артықшылықтар жасауға ықпал етеді. **Қортындылар** – осы сала қызметкерлерінің табысын арттыру, қала стандарттарынан төмен емес ауыл тұрғындарының тіршілігін қамтамасыз ету үшін әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту жөніндегі шаралар кешенін іске асыру бірінші кезектегі болып табылады. Инновацияларға инвестициялар көлемін ұлғайту үшін жоғары өнімді тұқымдар мен жануарлар желілерін және интенсификацияға ықпал ететін жаңғыртудың басқа да үрдістерін енгізуді тиімді, пәрменді мемлекеттік қолдау талап етіледі. Кеңейтілген өсімін молайтуды

дастықтың алдында жаһандық проблеманы шешу – азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша өзекті міндет тұр.

«Азық-түлік қауіпсіздігі» ұғымы халықты физиологиялық нормаларға сәйкес азық-түлікпен қамтамасыз етуді білдіреді. Алайда, соңғы жылдары азық-түлік өндірісі халық санының өсуінен және оның қажеттіліктерінен артта қалып келеді. Әсіресе, ауыл шаруашылығы мен қайта өңдеу өнеркәсібін дамыту үшін жеткілікті жағдайлар жоқ мемлекеттердің мәселесі шиеленісе түсуде.

Пандемияның салдары мен геосаяси жағдайдың шиеленісуінен туындаған экономикалық тұрақсыздық жағдайында экстремалды факторлардың халыққа қауіп төндіріп, азаматтардың өмірі мен денсаулығына елеулі әсері байқалады. Жаһандық пандемия жағдайында көптеген мемлекеттер өз мәселелерімен бетпе-бет келді, бұл билік пен медициналық қызметтердің COVID-19-ға төтеп беруге дайын болмауына байланысты халықтың өлім-жітімінің жоғарылауына әкелді. Коронавирустың планеталық шеруі әртүрлі мәселелер мен эпидемиядан зардап шеккен мемлекеттердің азық-түлік қауіпсіздігі мәселелері туындап ушықты.

Азық-түлік қауіпсіздігі проблемаларына санкциялық қақтығыстардың басталуына және әлем мемлекеттерінің импортты алмастыру бағытына байланысты да ерекше назар аударыла бастады. Туындаған мәселелер мен проблемалардың осындай жағдайы «экономика мен саясаттың табиғи ұйымдастырушылық байланысын және осы экономикалық процестердің саясатта не болып жатқанын қалай анықтайтынын және ондағы өзгерістерге қалай жауап беретінін түсіну қажеттілігін» болжайды [1].

Зерттеу материалдары мен әдістері.

Зерттеу шеңберінде отандық [2] және шетелдік ғалымдардың зерттеулері [3,4], сондай-ақ азық-түлік қауіпсіздігі, органика-

лық өнімдер өндірісін арттыру негізіндегі әлемдік «жасыл экономика» стратегиясын ұстану бағытындағы зерттеулер, Біріккен Ұлттар Ұйымының азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы (FAO) [5] есептіліктері сияқты еңбектер кеңінен қолданылды.

Зерттеу аясында диалектикалық әдіс және соған негізделген жалпы ғылыми, жеке ғылыми және танымдық: салыстырмалы, диалектикалық, жүйелік-құрылымдық, жүйелеу, жалпылау әдістері қолданылды.

Жалпы ғылыми әдістерді қолдану азық-түлік қауіпсіздігінің ұлттық қауіпсіздіктегі орнын анықтауға мүмкіндік берді; азық-түлік қауіпсіздігін қалыптастыратын жағдайлардың салыстырмалы сипаттамасын жүргізуге; азық-түлік қауіпсіздігі жүйесінің элементтерін құрылымдауға мүмкіндіктер берді.

Жеке ғылыми әдістер мен танымдық әдістердің көмегімен азық-түлік қауіпсіздігінің инфрақұрылымдық элементтері зерттеліп, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесіне қатысты қорытындылар тұжырымдалып, құрылымды жақсарту жөніндегі арнайы бағдарламалар арқылы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі мемлекеттің рөлін күшейту, ауыл шаруашылығы және тамақ өндірісі, сондай-ақ өнім сапасын арттыру бойынша қорытындылар жасалды.

Нәтижелер және оларды талқылау.

Азық-түлік жүйесіне (1 сурет), азық-түлік қауіпсіздігіне және тамақтануға жаңа толықтырушы және күшейтетін тенденциялар әсер етуде. Атап айтқанда:

- тауар өткізгіш азық түлік тізбегіндегі іркілістер;
- табыс пен күнкөрістің жоғалуы;
- теңсіздіктің күшеюі;
- әлеуметтік қорғау бағдарламаларының қызметіндегі іркілістер;
- азық-түлік ортасының өзгеруі;
- азық-түлікке деген жергілікті бағалардың ауытқулары.

Тұтырудың рационалды нормасы	Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі	Тамақ өнімдерінің физикалық қолжетімділігі	Тамақ өнімдерінің экономикалық қолжетімділігі	АӘК экономикалық әлеуетінің дамуы	АӘК қылмыс деңгейінің төмендеуі	Азық –түлік тәуелсіздігі
1. Азық-түлік қауіпсіздігі						
2. Аймақтың азық-түлік қауіпсіздігі						
3. Мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігі						

Ескертпе: авторлармен құрастырылған

1 сурет – Азық-түлік қауіпсіздігі жүйесінің элементтері



Болашақта азық-түлік секторының өнімділігі мен азық-түлік өндірісінің төмендеуі сияқты азық-түлік қауіпсіздігі мен тамақтануға қауіп төнуі мүмкін. 2022 жылғы зерттеу нәтижелері әлемде азық-түлік бағасының тез өсуі және бұрын-соңды болмаған ауқымдағы аштық жағдайында азық-түлік ортасының нашарлауы байқалғанын көрсетті. Сонымен қатар, COVID-19 пандемиясы, өндірістің айтарлықтай шығындары және тауарлардың жоғары бағасы азық-түлік қауіпсіздігіне қауіп төндіретін жүйелік мәселелерді одан әрі күшейтіп отыр [6].

2022 жылғы Азық-түлік қауіпсіздігі индексында Қазақстан позициясын 5 пунктке

жақсарта отырып, 32-орынға ие болды. Аталмыш индекс Венгриядан (71,4 балл), Оңтүстік Кореядан (70,2 балл), Малайзиядан (69,9 балл), Түркиядан (65,3 балл) артық шаманы бағындырып, 72,1 баллды құрады [7]. Аталмыш индекс азық-түлік қауіпсіздігін төрт негізгі параметр бойынша бағалайды: қолжетімділік, ассортимент, сапа және қауіпсіздік, тұрақтылық және бейімделу. Индекс дамушы және дамыған елдерде азық-түлік қауіпсіздігінің қозғаушы күштерін өлшейтін 68 сапалық және сандық көрсеткіштер негізінде қалыптасады (кесте).

Кесте – Азық түлік қауіпсіздігі индексындағы Қазақстан позициясы

Параметрлер	2021	2022	Өзгеріс
Азық-түлік қауіпсіздігі индексі	37	32	↑ 5
Қолжетімділік	46	49	↓ 3
Ассортимент	60	23	↑ 37
Сапа және қауіпсіздік	33	32	↑ 1
Тұрақтылық және бейімделу	22	22	

Ескерту: авторлармен [8] әдебиет негізінде құрастырылған

Компоненттер бөлінісінде Қазақстанның күшті жақтары «Тұрақтылық және бейімделу» – 22 орын және «Ассортимент» – 23 орын болып табылады. Сонымен қатар, айта кететін жағдай, Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігі бағдарламаларының болуы мен сапасы және апат тәуекелдерін басқару бойынша жетекші орынға ие.

Қазақстанның индекстегі позициясының жақсаруына қарамастан, әлсіз жағы – Қазақстан 97-орында тұрған азық-түлік өнімдерінің орташа бағасының өзгеруі, нәтижесінде қолжетімділік бойынша позицияға өткен 2021 жылғы индекстік көрсеткішпен салыстырғанда 49 позицияға дейін төмендеген.

2019-2022 жылдары Азық-түлік бағасының өсуіне және геосаяси жағдайға байланысты «Қолжетімділік» компоненті бойынша мәннің 71,9 баллдан 69 баллға дейін күрт төмендеуі орын алған [қараңыз 8]. Қолжетімділік азық-түлік қауіпсіздігінің негізгі құрамдас бөлігі және негізгі компонент болып табылады және қауіпсіз және құнарлы тағам қолжетімді болмаған кезде адамдардың әл-ауқатына қауіп төнетіні анық.

Қазіргі таңдағы сауда еркіндігінің әлсіреуі және әлеуметтік қорғау жүйесін қаржыландыруға қабілетсіздік нәтижесінде бүкіл әлемде адамдарды тамақпен қамтамасыз ету мәселелері өткірлене түсуде. БҰҰ азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының баяндамасында кем дегенде

135 млн-ға жуық адам азық-түлікпен қамтамасыз етілмеген немесе одан да нашар жағдайда болғаны атап өтілген.

Азық-түлік дағдарыстары туралы аталмыш ұйымның 2020 жылғы Дүниежүзілік есебіне сәйкес, 2019 жылы азық-түлік қауіпсіздігі фазаларын жіктеуде қолданылатын терминдерге сәйкес, азық-түлік дағдарысы мен тіршілік ету көздеріндегі немесе одан да нашар адамдар саны талданған 55 мемлекет пен аумақта 135 миллионға жетті. 47 мемлекетте шамамен 183 млн адам орташа немесе шекаралық азық-түлік қауіпсіздігі жағдайында, егер олар қосымша соққы немесе күйзелістік факторларға тап болса, одан жоғары кезеңге өту қаупі бар.

Зерттеу нәтижелері бойынша мемлекеттердің 22%-ы өз халқының тамақтану жағдайына тұрақты мониторинг жүргізбейді. Осыған байланысты, бұл мемлекеттерде қоректік заттардың жетіспеушілігін уақтылы анықтау және ресурстарды қажет жерде бөлу мүмкін емес.

«Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңында агроөнеркәсіптік кешенді дамытуды мемлекеттік реттеудің мақсаттарының бірі мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып айқындалған [9].

Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және отандық ауыл шаруашылығы тауарын

өндірушілерді қолдау мақсатында агро-азық-түлік нарықтарын мемлекеттік реттеу:

- әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаны тұрақтандыру тетіктерін іске асыру;

- ішкі нарықты кедендік-тарифтік, тарифтік емес реттеу шараларымен қорғау, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шараларын қолдану арқылы жүзеге асырылады.

Дегенмен, қазіргі кезге дейін Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенінің осы міндеттерді орындауда дәрменсіздігі және осы саладағы саясаттың сәйкессіздігі басымдық танытып отыр. Мемлекетіміздің алдына қойып отырған басты мәселелері қатарында, азық-түлік тәуелсіздігін дамытуға байланысты бірқатар проблемаларды атап өтуге болады:

- * агробизнесі қорландырудың баламалы құралдарының дамымауы, бұл өз кезегінде азық-түлік инфляциясының динамикасына теріс әсер етеді;

- * мемлекет бөлетін ақша қаражатын пайдаланудың тиімсіздігі;

- * өнім өндіруші мен тұтынушы арасындағы делдалдардың көптігі;

- * кепілмен қамтамасыз етуге қойылатын жоғары талаптар.

Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін агроөнеркәсіптік кешенді дамытуды ұлттық қауіпсіздік және мемлекеттік реттеу туралы заңдарда үш өлшем айқындалған.

Бірінші өлшем – азық-түлік нарығындағы қолжетімділік деңгейін сипаттайтын азық-түліктің физикалық қолжетімділігі. Екінші өлшем – халықтың азық-түлік сатып алу мүмкіндігін сипаттайтын азық-түліктің экономикалық қолжетімділігі. Үшінші өлшем – тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі.

Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық саясаттың мақсаттарына, міндеттері мен негізгі бағыттарына ресми көзқарастарды көрсететін стратегиялық жоспарлаудың негізгі құжаты Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы болып табылады.

Тұжырымдамаға сәйкес агроөнеркәсіптік кешенді дамыту шараларын іске асыру кезінде мынадай қағидаттар қолданылатын болады:

- теңдестірілген тұрақты даму: тиімді өндіріс, табиғи ресурстарды сақтау және адами капиталды дамыту;

- тәуекел есебі, агросясаттың тұрақтылығы мен сабақтастығы, саланы қолдаудың жиынтық әсері;

- инклюзивтілік қағидаты: мемлекет ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілердің мөлшері мен ұйымдық нысанына қарамастан нарықтың тең құқылы қатысушылары болуы үшін тиісті жағдайлар жасайды және қолдайды;

- нарықтың барлық адал қатысушылары үшін әмбебап жағдайлар жасау;

- АӨК ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері үшін жаңа білімдегі қолжетімділік;

- цифрландыру және сапаны бақылау негізінде мемлекеттік қызметтер көрсету тетіктерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылы.

Республиканың азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық саясаттың орта мерзімді перспективаға арналған басым бағыттары 2022-2024 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жоспарында көрсетілген. Аталмыш жоспар ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру көлемін ұлғайту жөніндегі іс-шараларды іске асыруға бағытталған және 18 іс-шараны қамтиды, оның ішінде 1 жедел және 17 орта мерзімді іс-шаралар.

Үш жыл ішінде майлы дақылдар алқабын 3 млн гектардан 3,5 млн гектарға дейін, картопты 200 мың гектардан 215 мың гектарға дейін, жемшөпті 3,6 млн гектардан 4,2 млн гектарға дейін ұлғайту жолымен өсімдік шаруашылығында әртараптандыру жүргізілетін болады (2 сурет), сондай-ақ үш жыл ішінде ІҚМ басы 9 млн басқа дейін, ұсақ мал басы 20,1 млн басқа дейін, жылқы саны 4 млн басқа дейін және т.б. ұлғайту мақсаты алға қойылған.

Картопты, көкөністер мен жемістерді сақтау жөніндегі инвестициялық жобаларды іске асыру 2022 жылы сақтау қуатын 98,3 мың тоннаға, 2023 жылы – 104,5 мың тоннаға, 2024 жылы – 19,6 мың тоннаға ұлғайтуға мүмкіндік береді (3 сурет).

Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жоспарының стратегиялық басым бағыттарының тағы бір буыны, халықтың азық-түлік тауарларына тұтынушылық шығыстарының үлесін төмендету және бағаны тұрақтандыруға бағытталған. Олардың қатарында келесі мәселелерді маңызды бағыттар деп айтуға болады:


- азық-түлік тауарларының бағасын болжау;

■ әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын сатушылар үшін сауда базарларының жалдау ақысын төмендету;


■ бағаларды әкімшілік реттеуден тұрғындардың әлеуметтік осал топтарын адрестік қолдауға көшу бойынша шаралар әзірлеу;

■ тұрақтандыру қорлары қызметінің тиімділігін бағалауды жүргізу;

■ ауыл шаруашылығы жерлерін айналымға тартудың, сондай-ақ жаңа суармалы жерлерді игерудің жаңа нысандары арқылы кемінде 25 мың шаруашылық құру жолымен ауылдық жерлерде жұмыспен қамтуды ұлғайту.



Ескерту: авторлармен [10] әдебиет негізінде тұрғызылған
2 сурет – Басым дақылдар алқаптарын ұлғайту жөніндегі жоспар, млн га



Ескерту: авторлармен [қараңыз10] әдебиет негізінде тұрғызылған
3 сурет – Инвестициялық жобаларды іске асыру жоспары, бірлік

Сонымен қатар еліміздегі тағы бір стратегиялық ұстанымдардың бағыты тұтынушыларды қауіпсіз өніммен қамтамасыз ету болып отыр, атап айтқанда зерттелетін импорттық өнімнің үлесін 80%-ға дейін арттыру үшін тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін бақылауды қамтамасыз ету, ветеринариялық және биопрепараттарды өндіру бойынша қолданыстағы кәсіпорындарды жаңғырту және жаңа отандық кәсіпорындар құру.


Бұл бағыттардың нәтижелі іске асырылуы ұлттық қауіпсіздіктің маңызды құрамдас бөлігі ретінде, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, азық-түлікпен қамтамасыз ету деңгейін арттыруға, халықтың азық-түлік тауарларына шығындарын азайтуға және тұтынушыларды қауіпсіз өніммен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Азық-түлік тауарларының негізгі түрлері бойынша, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының 19 түрін қоса

алғанда, ішкі нарықтың отандық өндіріс есебінен қамтамасыз етілуі 80 және одан да көп пайызды құрайды. Дегенмен кейбір маңызды тауарлық позиция, дәлірек айтқанда алты тауарлық позиция бойынша ішкі тұтытудағы отандық өндірістің үлесі әлі де төмен деңгейде қалып отыр. Атап айтқанда, бұл алма (73%), құс еті (58%), шұжық (61,5%), ірімшіктер мен сүзбе (51%), қант (31%), балық (75%).

Бұл мәселені шешуді жолға қоюдың бірден-бір жолы – еліміздегі АӨК дамуының

2021–2025 жылдарға арналған ұлттық жобасын айтуға болады. Себебі, ондағы басты міндет – 2025 жылға қарай отандық өндірісті алмамен, құс етімен, шұжық өнімдерімен, ірімшіктермен және сүзбемен, балықпен 100%-ға дейін, қантпен 80%-ға дейін қамтамасыз ету деңгейін арттыру жоспарлануда (4 сурет). Осылайша, азық-түлік тауарларымен қамтамасыз ету деңгейін арттыру жөніндегі міндет стратегиялық құжаттардан орта мерзімді жоспарлау құжатына каскадталғандығын байқаймыз.



Ескерту: авторлармен [11] әдебиет негізінде тұрғызылған

4 сурет – Отандық өндірістің негізгі азық-түлік тауарларымен қамтамасыз етілуін ұлғайту жөніндегі жоспар


4-суретте келтірілгендей аталған алты өнім түрлерінің бесеуі бойынша алдағы уақытта ішкі тұтынушылық сұраныс толық отандық өндіріс есебінен қол жеткізілу мүмкіндіктері мол, яғни қанттан басқасы. Елдің қант зауыттары негізінен импорттық шикізатпен – қант қамысымен жұмыс істейді. Сондықтан елдегі тұтынуды қамтамасыз ету үшін төрт қант зауытын жаңғырту шаралары басты мәселелер қатарында болып отыр. Шұжық, балық және балық өнімдерін өндіруді ұлғайту үшін де осындай шаралар көзделген.

Аталмыш мақсаттарға мемлекет тарапынан 1 трлн теңгеден астам қаражат жіберу көзделіп отыр, оның 913 млрд. бюджеттен тыс қаражат есебінен жоспарланған [қараңыз 11]. Бұл шаралар отандық өндірістің азық-түлік тауарларымен қамтамасыз етілу деңгейін 2025 жылға қарай 80% деңгейінде сақтауға, ал 2030 жылға қарай кезең-кезеңмен 90%-ға дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді (5 сурет).

Өрине, кез-келген ел, топырақ-климаттық жағдайларға байланысты, өзін 100% азық-түліктің барлық түрлерімен қамтамасыз ете алмайтыны белгілі [12]. Ішкі нарықтағы қажеттілік белгілі бір тамақ өнімін өндірудегі салыстырмалы артықшылықтармен және осы өндірістің тиімділігімен анықталады.

Жоғарыда аталғандармен қатар, өзектілігі жоғары және де шешімін табуы кезек күттірмес мәселелердің келесі бағыттары – азық-түлікті сақтау және бөлу, орналастыру инфрақұрылымын дамыту болмақ. Бұл мәселелерді орнықты шешудің бірден-бір жолдары ретінде:

- көтерме-тарату орталықтарын салу;
- көкөніс қоймаларын салу сияқты еліміз үшін маңызды шаралардың жүзеге асырылуы қажет екендігін айта аламыз. Және оларды мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетігін қолдана отырып жүзеге асыруға болады.



Ескерту: авторлармен [қараңыз 11] әдебиет негізінде тұрғызылған
 5 сурет – Жоспарланатын қаржыландыру көлемі және азық-түлік тауарларымен қамтамасыз ету деңгейі (2026-2030 жылдарға арналған қаржыландыру туралы жоспарлы деректер жоқ)

Сауда кедергілерін жою, ветеринарлық және фитосанитарлық талаптарды келісу әлеуетті импорттаушылармен, шетелдік әріптестермен келіссөздер процестерін жандандыру, сондай-ақ халықаралық ұйымдардың жұмысына қатысу есебінен қол жеткізуге болады. Мысалы, ДСҰ, ХЭБ, ДСӨДМ, Codex Alimentarius, FiBL және Ifoam комиссиясы сияқты халықаралық ұйымдарды айтуға болады.

Сондай-ақ, елімізде аграрлық нарықтарды дамыту шеңберінде халықаралық сапа стандарттары мен сертификаттауды енгізу бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр. Олардың оңтайлы да нәтижелі аяқталуы әлем сахнасындағы заманауи талаптар мен «жасыл экономикалық» бағыттарды толыққанды жүзеге асырудың кепілі болмақ.

Азық-түлік қауіпсіздігі аясындағы стратегиялық мәселелер шеңберінде ауыл шаруашылық өнімдерінің перспективалық ішкі секторларының бірі – органикалық өнім өндірісі болмақ.

Еуропа елдерінде және АҚШ-та органикалық өнімдерге сұраныстың артуын ескерсек, органикалық ауыл шаруашылығы Қазақстан үшін тартымды секторлардың біріне айналуы мүмкін. Қазақстан өзінің айтарлықтай үлкен жер және табиғи ресурстары, сонымен қатар синтетикалық тыңайтқыштар мен пестицидтерді қолданбайтын дәстүрлі ауыл шаруашық мәдениеті есебінен органикалық ауыл шаруашылық өндірісін дамытуға зор мүмкіндіктерге ие екендігін айта аламыз.

Қазіргі уақытта органикалық өнім өндіру және органикалық егіншілікпен айналысатын фермалар туралы ресми дерек-

тер жоқ. Алайда, Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының (FAO) деректері бойынша нарықта негізінен Ақмола, Алматы және Қостанай облыстарында 29 өндіруші және 19 өңдеуші кәсіпорын тіркелген [қараңыз 7].

Бүгінгі таңда Органикалық ауыл шаруашылығы әлемнің 160 елінде қолданылады. 84 елде органикалық егіншілік туралы өз заңдары бар, ондаған елдерде мұндай заң жобалары әзірленуде. Экономистердің бағалауы бойынша, егер 2019 жылы органикалық ауыл шаруашылығы саласындағы айналым жылына 85-90 млрд. долларды құраса, 2021 жылы бұл көрсеткіш шамамен 200-250 млрд.

Әлемде экологиялық стандарттарды ескере отырып өндірілген азық-түлік тауарларына сұраныс үнемі өсіп келеді. Еуропалық Одақ биоөнімдер сатылатын АҚШ-тан кейінгі әлемдегі екінші ірі ішкі нарық, ал Германия ЕО ішіндегі ең ірі нарық болып табылады. 2017 жылы Германия экономикасының бұл саласы жаңа рекорд орнатты – 10 млрд. еуродан астам тауар айналымы [13]. Федералды үкімет «жасыл» ауыл шаруашылығын кеңейтуді жолға қояды.

Органикалық егіншілік жүйесін қолдана отырып бидай өсіру кезінде сапа бойынша төмендеу көрсеткіші жылдан-жылға азайып келеді, бұл крахмал мөлшерінің төмендеуін және гликозид-гидролаза ферменті белсенділігінің төмендеуін көрсетеді. Бұл ретте шикі ақуыздың мөлшері 9,79%-дан 15,7%-ға дейін және дәстүрлі егіншілікте арнайы глютенді ақуыздар 10,6%-дан органикалық егіншілікте 25,1%-ға дейін айтарлықтай артады [14]. Бұл алынған өнімнің нан пісіру

сипаттамаларының жақсаруына және бидай ұнынан пісірілген нанның сапасының жақсаруына әкеледі.

Көптеген халықаралық сарапшылардың пікірінше, елімізде Қазақстан аумағында тыңайтқыштар мен пестицидтерді пайдаланудың өте төмен деңгейінің арқасында органикалық ауыл шаруашылығын дамыту және органикалық өнім өндіру үшін тамаша жағдайлар қалыптасты, алайда осы уақытқа дейін бұл әлеует аз ғана дәрежеде пайдаланылып келеді [15].

Органикалық ауыл шаруашылығы – ауыл шаруашылығының ең перспективалы кіші секторларының бірі деп нақты айтуға болады. Сонымен қатар, азық-түлік қауіпсіздігі мәселелерін оңтайландыру мен ауыл шаруашылық өнімдерінің бәсекеабілеттілігін қамтамасыз етудің бірден-бір бағыты екенін айтуға болады.

Қорытынды.

1. Қазақстан The Economist Intelligence Unit Азық-түлік қауіпсіздігінің жаһандық рейтингі бойынша соңғы жылдары өз позициясын нығайтып келеді. Келесі көрсеткіштер бойынша белгілі бір нәтижелерге қол жеткізілді: қолжетімділік, сапа, қауіпсіздік, халық үшін азық-түлік өнімдерінің болуы. Ең бастысы, АӨК-нің тұрақты дамуында оң үрдіс қалыптасты деуге болады.

2. Ғалымдардың зерттеулеріне сәйкес, халықаралық деңгейде азық-түлік қауіпсіздігін бағалауды екі критерий бойынша жүргізу қажет: әлемдік астық қорларының келесі өніміне ауысатын көлемдер (астықтың ауыспалы қоры 60 тәулікке немесе жылдық тұтынудың 17%-ы қауіпсіз деп саналады); орташа жан басына шаққандағы әлемдік астық өндірісінің деңгейі (жан басына шаққанда 1000 кг астық қауіпсіз деп саналады).

3. Бүгінде ел халқы нан, картоп тұтынудың ғылыми негізделген физиологиялық нормасы бойынша көзделгеннен көп тұтынып отыр. Сонымен қатар, картоп, қант, шоколад, кондитерлік өнімдер, балық, май нормадан сәл артық тұтынылып келеді.

4. Дамыған елдерде халық ақуыздарды көбірек тұтынуға және майлы және көмірсутекті тағамдарды аз тұтынуға тырысады, ал дамушы елдерде керісінше. Бұл біздің елге де қатысты. Сондықтан біздің агроөнеркәсіп секторындағы өндірушілеріміз көкөніс, жеміс-жидек өндірісін ұлғайтуы керек, ал сүт және жұмыртқа өндірісі бойынша тиімді нарықтық тетіктерді әзірлеу қажет.

5. Сыртқы нарықтардың органикалық өнімдерге деген сұраныстарының артуына байланысты еліміздің органикалық өнім

өндірісіне толыққанды бетбұрыстар жасауы экспорттық әлеуетті ұтымды пайдаланудың кепілі болмақ.

6. Мемлекет тарапынан органикалық өнімдердің әдістері мен тәсілдері туралы ақпарат пен білім деңгейлерін үнемі жетілдіру бойынша шараларды арттыру – органикалық өнімдерді азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізі ретінде қараудың нәтижелі болуына алып келеді.

Әдебиеттер тізімі

[1] Barman, A. Impact of COVID-19 in food supply chain: disruptions and recovery strategy / A. Barman, R. Das // Curr Res Behav Sci. – 2021. – Vol. 11. – N.2. – P. 311-323.

[2] Сатыбалдин, А.А. Продовольственная безопасность Казахстана: состояние и возможности / А.А. Сатыбалдин, Г.К. Темирова, Т.А. Жунисбекова // Экономика: стратегия и практика. – 2020. - №15(2). – С.11-20.

[3] Jafarvand, E. Food Security Threats Worldwide and in Iran / E. Jafarvand, Z. Abdollahi, S. Edalati, M. Niknam & M. Jalali // Iranian journal of culture and health promotion. – 2022. – N. 6 (3). -P. 443-451.

[4] Ahmadi Dehrashid, A. Food security assessment in rural areas: evidence from Iran / A. Ahmadi Dehrashid // Agriculture & food security. – 2021. – N.10 (1). – P. 1-18.

[5] FAO. 2021d. Sustainable Development Goals Indicator 2.c.1 - Indicator of (food) price anomalies.5 In: FAO. Rome [Electronic resource]. – 2021.- URL: <https://www.fao.org/sustainable-development-goals/indicators/2c1/en/> (date of access: 12.01.2023).

[6] Adhikari, J. COVID-19 impacts on agriculture and food systems in Nepal: implications for SDGs / J. Adhikari, J. Timsina, S.R. Khadka, Y. Ghale, H. Ojha // Agric Syst. – 2021. – N5. – P.186-199.

[7] FAO. 2022. Overview of food security and nutrition in Kazakhstan 2021: Progress towards the 2030 Sustainable Development Goals. Nur-Sultan [Electronic resource]. – 2022. - URL: <https://www.doi.org/10.4060/cb8419en> (date of access: 25.01.2023).

[8] Global Food Security Index 2022. Exploring challenges and developing solutions for food security across 113 countries [Electronic resource].– 2023. - URL: <https://www.impact.economist.com/sustainability/project/food-security-index/> (date of access: 25.01.2023).

[9] Подпункт 2) статьи 3 Закона Республики Казахстан «О государственном регулировании развития агропромышленного комплекса и сельских территорий» [Электронный ресурс]. – 2015. – URL: <https://www.adilet.zan.kz/rus/docs/Z050000066> (дата обращения: 12.01.2023).

[10] В Казахстане рассмотрен План обеспечения продбезопасности на среднесрочный период [Электронный ресурс]. – 2022.- URL: <https://www.primeminister.kz/ru/news/v-kazahstane-rassmotren-plan-obespecheniya-prodbezopasnosti-na-srednesrochnyy-period-e-karashukeev-152143> (дата обращения 15.03.2022).

[11] АӨК дамуының 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобасы [Электрондық ресурс].- 2021. - URL: <https://www.baiterek.gov.kz/ru/programs/natsionalnyy-proekt-po-razvitiyu-agropromyshlennogo-kompleksa-respubliki-kazahstan-na-2021-2025-god> (қаралған күні: 15.12.2022).

[12] Lin, R.-A. Detecting Spikes and Change Points in Climate-Food System: A Case Study in France / R.-A. Lin, H.-W. Ma // *Environ. Sci. Policy*. – 2022. – N 127. – P.146–160.

[13] Garbero, A. The Potential of Agricultural Programs for Improving Food Security: A Multi-Country Perspective / A. Garbero, L. Jäckering // *Glob. Food Secur.* – 2021. - N29. – P.100-115.

[14] Мизанбекова, С. Обеспечение продовольственной безопасности Казахстана / С. Мизанбекова, Б. Калыкова, А. Джумабаева // *Проблемы агрорынка*. - 2020.- № 4.- С.31-39 <https://doi.org/10.46666/2020-4-2708-9991.03>

[15] Bulkhairova, Z.S. "Green" Economy: Realities and Prospects in Agriculture in the Republic of Kazakhstan / Z.S. Bulkhairova, A.O. Alieva // *Problems of AgriMarket*. – 2021. - N1. - P.37-43. <https://doi.org/10.46666/2021-1-2708-9991.04>

References

[1] Barman, A., Das, R. (2021). Impact of COVID-19 in food supply chain: disruptions and recovery strategy. *Curr Res Behav Sci.*, 11 (2), 311-323.

[2] Satybaldin, A.A., Temirova, G.K. & Zhunisbekova, T.A. (2020). Prodovolstvennaya bezopasnost Kazakhstana: sostoianie i vozmozhnosti [Food security of Kazakhstan: state and opportunities]. *Ekonomika: strategiya i praktika – Economics: Strategy and Practice*, 15 (2), 11-20 [in Russian].

[3] Jafarvand, E., Abdollahi, S., Edalati, M., Niknam, Z. & Jalali, M. (2022). Food Security Threats Worldwide and in Iran. *Iranian journal of culture and health promotion*, 6 (3), 443-451.

[4] Ahmadi Dehrashid, A. et al. (2021). Food security assessment in rural areas: evidence from Iran. *Agriculture & food security*, 10 (1), 1-18.

[5] FAO. 2021d. Sustainable Development Goals Indicator 2.c.1 - Indicator of (food) price anomalies. 5 In: FAO. Rome (2021). Available at: <https://www.fao.org/sustainable-development-goals/indicators/2c1/en/> (date of access: 12.01.2023).

[6] Adhikari, J., Timsina, J., Khadka, S.R., Ghale, & Ojha, Y.H. (2021). COVID-19 impacts on agriculture and food systems in Nepal: implications for SDGs. *Agric Syst.*, 5, 186-199.

[7] FAO Overview of food security and nutrition in Kazakhstan 2021: Progress towards the 2030 Sustainable Development Goals. Nur-Sultan (2022). Available at: <https://doi.org/10.4060/cb8419en> (date of access: 25.01.2023).

[8] Global Food Security Index 2022. Exploring challenges and developing solutions for food security across 113 countries (2023). Available at: <https://impact.economist.com/sustainability/project/food-security-index/> (date of access: 25.01.2023).

[9] Подпункт 2) стати 3 Закона Республики Казахстан «О государственном регулировании развития агропромышленного комплекса и сельских территорий» [Subparagraph 2) of Article 3 of the Law of the Republic of Kazakhstan "On state regulation of the development of the agro-industrial complex and rural areas"] (2015). Available at: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z050000066> (date of access: 12.01.2023) [in Russian].

[10] V Kazakhstane rassmotren Plan obespecheniia prodbezopasnosti na srednesrochnyi period – E.Karashukeev [Kazakhstan has considered a Plan to ensure food security for the medium term – Y.Karashukeev] (2022). Available at: <https://primeminister.kz/ru/news/v-kazahstane-rassmotren-plan-obespecheniya-prodbezopasnosti-na-srednesrochnyy-period-e-karashukeev-152143> (date of access: 15.03.2022) [in Russian].

[11] АӨК дамуының 2021–2025 жылдарға арналған ұлттық жобасы [National Agribusiness Development Project for 2021-2025] (2021). Available at: <https://baiterek.gov.kz/ru/programs/natsionalnyy-proekt-po-razvitiyu-agropromyshlennogo-kompleksa--respubliki-kazahstan-na-2021-2025-god> (date of access: 15.12.2022) [in Kazakh].

[12] Lin, R. & Ma, H.-W. (2022). Detecting Spikes and Change Points in Climate-Food System: A Case Study in France. *Environ. Sci. Policy*. 127. 146–160.

[13] Garbero, A. & Jäckering, L. The Potential of Agricultural Programs for Improving Food Security: A Multi-Country Perspective. *Glob. Food Secur.*, 29, 100-115.

[14] Mizanbekova, S., Kalykova, B. & Jumabayeva, A. (2020). Obespechenie prodovolstvennoi bezopasnosti Kazakhstana [Ensuring food security in Kazakhstan]. *Problemy agrorynka - Problems of AgriMarket*, (4), 31-39 [in Kazakh] <https://doi.org/10.46666/2020-4-2708-9991.03>.

[15] Bulkhairova, Z. & Alieva, A.O. (2021). "Green" Economy: Realities and Prospects in Agriculture in the Republic of Kazakhstan. *Problems of AgriMarket*, 1, 37-43. <https://doi.org/10.46666/2021-1-2708-9991.04>.

Авторлар туралы ақпарат:

Әбенев Ергали Мұхтарұлы – негізгі автор; Ph.D; «Менеджмент» кафедрасының доценті; Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті; 010000 Сәтбаев көш., 2, Астана қ., Қазақстан; e-mail: aem11186@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-0243-9223>

Хасенова Кенжегул Калмуратовна; экономика ғылымдарының кандидаты; «Менеджмент» кафедрасының доценті; Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті; 010000 Сәтбаев көш., 2, Астана қ., Қазақстан; e-mail: n_kenzhegul@mail.ru; <http://orcid.org/0000-0003-4787-2028>

Ыдырыс Серікбай Садуақасұлы; экономика ғылымдарының докторы, профессор; «Мемлекеттік басқару және халықаралық қатынастар» кафедрасының профессоры; Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті; 161200 Б.Саттарханов даңғ., 29, Түркістан қ., Қазақстан; e-mail: serikbay.ydyrys@ayu.edu.kz; <https://orcid.org/0000-0003-0593-1990>

Information about authors:

Abenov Yergali Mukhtarovich – **The main author**; Ph.D; Associate Professor of the Department of Management; L. N. Gumilyov Eurasian National University; 010000 Satpaev str., 2, Astana, Kazakhstan; e-mail: aem11186@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-0243-9223>

Khasenov Kenzhegul Kalmuratovna; Candidate of Economic Sciences; Associate Professor of the Department of Management; L.N. Gumilyov Eurasian National University; 010000 Satpaev str., 2, Astana, Kazakhstan; e-mail: n_kenzhegul@mail.ru; <http://orcid.org/0000-0003-4787-2028>

Ydyrys Serikbay Saduakasuly; Doctor of Economic Sciences, Professor; Professor of the Department of Public Administration and International Relations; H.A.Yassawi International Kazakh-Turkish University; 161200 B.Sattarkhanov Ave., 29, Turkestan, Kazakhstan; e-mail: serikbay.ydyrys@ayu.edu.kz; <https://orcid.org/0000-0003-0593-1990>

Информация об авторах:

Әбенев Ергали Мұхтарович – **основной автор**; Ph.D; доцент кафедры «Менеджмент»; Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева; 010000 ул. Сатпаева, 2, г.Астана, Казахстан; e-mail: aem11186@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-0243-9223>,

Хасенова Кенжегул Калмуратовна; кандидат экономических наук; доцент кафедры «Менеджмент»; Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева; 010000 ул. Сатпаева, 2; г.Астана, Казахстан; e-mail: n_kenzhegul@mail.ru; <http://orcid.org/0000-0003-4787-2028>

Ыдырыс Серікбай Садуақасұлы; доктор экономических наук, профессор; профессор кафедры «Государственное управление и международные отношения»; Международный казахско-турецкий университет им. Х.А.Ясауи; 161200 пр. Б.Саттарханова, 29, г.Туркестан, Казахстан; e-mail: serikbay.ydyrys@ayu.edu.kz; <https://orcid.org/0000-0003-0593-1990>